

23. Международный Пакт о гражданских и политических правах 1966 года. Закон РК от 28.11.2005 года №91. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/050000091>.
24. Конвенция о правах ребенка от 20.11.1989 года. Постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 8.06.1994 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>.
25. Уголовно-процессуальный кодекс РК от 4 июля 2014 года №231-V ЗРК. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/1400000231>.
26. Конвенция о правовой помощи и правовых отношениях по гражданским, семейным и уголовным делам от 7 октября 2002 года. Закон РК от 10.03.2004 года №531. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>
27. Венская конвенция о консульских сношениях 1963 года, Постановление Верховного Совета Республики Казахстан от 31.03.1993 года. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/>
28. Уголовно-процессуальный кодекс РК от 4 июля 2014 года №231-V ЗРК. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/1400000231>

АЗАМАТТЫҚҚА ҚҰҚЫҚТЫ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДАҒЫ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕР

Ботагарин Р.Б., PhD, қауымдастырылған профессор, академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

Мемлекет басшысының Қазақстан халқына Жолдауында Президент Қ.Қ. Тоқаев Қазақстанның барлық адамдардың негізгі құқықтарын сақтауға және оларды жетілдіру мен нығайтуды жалғастыру ел мен оның халқының бейбіт әрі тұрақты дамуы үшін маңызды екенін атап өткен болатын. Қазақстан Республикасы өзінің егемендігіне ие болып [1], тәуелсіздігін алғалы құқықтық, демократиялық, халықаралық құқық нормаларының және адам құқықтарының сақталуы жолында халықаралық адам құқығы стандарттарын енгізе отырып қамтамасыз етіп келеді.

Ел Конституциясы [2], Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңы қабылданды [3]. Бірқатар халықаралық конвенциялар [4] мен халықаралық келісім шарттар бекітілді.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы әр адамның азаматтыққа құқығы бар деп жариялайды [5], [6]. Ешкімді де азаматтығынан немесе азаматтығын өзгерту құқығынан еріксіз айыруға болмайды. Дегенменде, бүкіл әлемде миллиондаған адамдарға, олар қандай да бір мемлекеттің азаматы болып танылмағандықтан (азаматтығы болмағандықтан) адамның ең негізгі құқықтары берілмегенін байқауға болады. Азаматтығы жоқ адамдар тұрақты дамудан тыс қалу қаупі жоғары қоғамның ең осал топтарына жатады.

Бүгінде әр мемлекет адамдардың азаматтығына қатысты өзіндік саясат ұстанып, заң нормалары шеңберінде реттеу жолдарын қалыптастырған. Дегенмен де, әлі де болса азаматтығы жоқ адамдардың саны азаймай отыр.

Жалпы, азаматтық алу құқығы – бұл адамның негізгі құқығы болып табылады. Бұл әр адамның азаматтығын алуға, өзгертуіне және сақталуына құқығының бар екенін білдіреді. Халықаралық құқық мемлекеттердің адам құқықтары саласындағы өз азаматтарының кім екендігі туралы шешім қабылдау құқығының мүлдем шекті емес екенін және атап айтқанда, мемлекеттер азаматтықты беруге немесе жоғалтуға қатысты өз міндеттемелерін орындауы керек екенін бекітеді.

Егер адамның азаматтығы болмаса олар белгілі бір елдің азаматтары сияқты толыққанды құқықтарын жүзеге асырып мектепке бару, дәрігерге қаралып емделу, жұмысқа орналасу, банктік шот ашу немесе тіпті некеге тұру мүмкіндігінен айырылуы мүмкін. Дүние жүзіндегі миллиондаған азаматтығы жоқ адамдар дәл осындай жағдайда өмір кешуде. Бұл әрине әр елдің аумағындағы адам құқықтарына деген көзқарасына, нормативтік актілеріне байланысты әртүрлі қалыптасқан.

Бұл жерде алдымен азаматтық туралы ұғымның негізгі мағынасын ашып алған дұрыс сияқты. Жалпы қалыптасқан анықтама ол адамның белгілі бір мемлекетпен саяси құқықтық байланысы. Екінші бір анықтама, мемлекеттің қандай да бір алдына қойған шешімдерін қабылдауда сенім білдіре алатын тұрғындарының бір бөлігін формальды құқықтық түрде бөліп алып реттей алуындағы қабілеті деп танылуы [7]. Яғни, азаматтық ол мемлекеттің өз азаматы болуы мүмкіндігін мойындауы, алынуы және тоқтатылуы жайындағы шешім қабылдаудағы егемендік құқығы. Осылайша, бұл анықтамадан біз ұғымның мәнін, құқықтық және әлеуметтік қырларын ашып тұрғанын байқаймыз. Қазақстан Республикасы заңнамасы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығы ол адамның мемлекетпен орнықты саяси-құқықтық байланысын айқындайды, бұл олардың өзара құқықтары мен міндеттерінің жиынтығын білдіреді. Сонымен қатар, елімізде әрбір адамның ел азаматтығын алуға құқығы бары, оның тек заңға сәкес алынып, тоқтатылатыны бекітілген.

Және де Қазақстан Республикасының азаматын азаматтығынан, өзінің азаматтығын өзгерту құқығынан айыруға болмайды, сондай-ақ Қазақстанның шегінен тыс жерге аластауға болмайды. Террористік қылмыстар жасағаны үшін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының өмірлік маңызы бар мүдделеріне өзге де ауыр зиян келтіргені үшін соттың шешімімен ғана Қазақстан Республикасының азаматтығынан айыруға жол беріледі [3]. Бұл норма Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы Декларациясында тікелей айтылған ешкім өзінің азаматтығынан заңсыз және өзгерту құқығынан айырыла алмайды деген норманың еліміздің заңдарынан көрініс табуы [6].

Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы заңына сәйкес азаматтыққа қабылдау шарттары келесідей анықталған:

1) Қазақстан Республикасының аумағында заңды негізде кемінде бес жыл тұрақты тұратын не Қазақстан Республикасының азаматтарымен кемінде үш жыл некеде тұратын адамдар қабылданатын болады.

2) Қазақстан Республикасы азаматтарының ішінде жақын туыстарының бірі - баласы (оның ішінде асырап алған баласы), жұбайы (зайыбы) және ата-анасының біреуі (асырап алушысы), апа-қарындасы, аға-інісі, атасы немесе әжесі бар, Қазақстан Республикасына тұрақты тұру мақсатымен келген, бұрынғы одақтас республикалардың азаматтары, Қазақстан Республикасында тұру мерзіміне қарамастан, қабылданатын болады делінген [3].

Қазақстан Республикасы өзінің егеменділігін алған жылдардан бері өз аумағына жеңілдетілген тіртіпте өз отандастарын, қандастарын шақырып жеңілдетілген тәртіпте азаматтығын беріп келеді. Мұндай тәжірибе Еуропаның бірқатар елдерінде, Ресей мемлекетінде қалыптасқан. Бұл сол елдердің өздері анықтаған саясатқа байланысты құрылған бағдарламалы шегінде жүзеге асырылып келеді [8].

Әр адам азаматтыққа ие болған сәтте мемлекеттермен көлемі әртүрлі деңгейде кепілдік берілген, жалпыға мәлім құқықтарды иемденеді және міндеттерді орындайды. Әр мемлекет өзінің аумағында құқықтар бере отырып, белгілі бір міндеттерді жүктейді және орындалуын талап етеді. Егер бұл талаптар орындалмаған жағдайда тиісті жауапкершіліктер арқалайтыны да заңды негізде анықталып, бекітіліп қойған. Қазақстан Республикасы өзінің мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдары арқылы Республика азаматтарының алдында жауапты, ал Қазақстан Республикасының азаматы Қазақстан Республикасының алдында жауапты. Ол Қазақстан Республикасының Конституциясымен заңдарын сақтауға, Қазақстан Республикасының мүдделерін, оның аумақтық тұтастығын қорғауға, әдет-ғұрыпқа, дәстүрге, мемлекеттік тілге және оның аумағында тұратын барлық ұлттардың тілдеріне құрметпен қарауға, Қазақстан Республикасының күш-құдіретін, егемендігін және тәуелсіздігін нығайтуға жәрдемдесуге міндетті. Қазақстан Республикасының азаматтарымен қатар, шетел азаматтары және азаматтығы жоқ адамдардың да міндеттерді мойындарына алады [3]. Яғни міндеттердің пайда болуы тек азаматтықта болғандарға ғана байланысты емес екенін көреміз.

Азаматтығы жоқ адам – «қолданыстағы заңнамаға сәйкес бірде-бір мемлекеттің азаматы ретінде танылмайтын адам». Мұндай адамдардың нақты саны белгісіз, алайда БҰҰ-ның

босқындар жөніндегі Жоғарғы комиссары басқармасының (БЖКБ) мәліметтері бойынша бүгінде әлем бойынша кем дегенде 12 миллион адамның азаматтығы жоқ [9].

Зерттеушілер Еуропа одағы елдеріндегі шекаралардың ашықтығы, өмір сүрудің жоғары деңгейі әр түрлі елдердегі азаматтардың қызығушылығын тудырып отырғанын айтады. Евростат мәліметтері бойынша, тек 2020 жылдың өзінде 23 миллион шетел азаматтарын тұрған. Бұл шетел азаматтарының негізгі мақсаты сол елдерде жұмыс жасап қалып қою арқылы Еуропа елдерінің азаматтығын алу [10]. Бұл кез келген мемлекет азаматтарының өз құқықтарын жүзеге асыруда, өздерінің азаматтыққа құқықтарын жүзеге асыруда жасап жатқан әрекеттері десек болады. Алайда, өздерінің азаматтыққа құқықтарын жүзеге асырамыз деп бір елдің азаматтығынан шығып, екінші бір елдің азаматтығын алғанға дейінгі аралықтағы бұл адамдардың өздерінің жалпы адам құқықтарын жүзеге асыруы барған елдердің ішкі заңнамасына тікелей байланысты.

Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы, мемлекеттердің заңнамалары өз деңгейінде әр адамның азаматтыққа құқықтарын жүзеге асыруы бойынша нормаларды бекітсе де өмір шындығы миллиондаған адамдардың әлі де болса өздерінің азаматтыққа құқықтарын жүзеге асыра алмай жүргенін көрсетеді. Олар азаматтықта болмауы себебінен әлеуметтік тұрғыда қоғамның осал тобын құрап отыр. Сол үшін адам құқықтарының жүзеге асырылуын қамтамасыз етуде әлемдік қауымдастық адам құқықтары саласындағы заңнамаларын қарастырып, белгілі бір елдің азаматтығын алу мерзімінің қысқартылуы, жеңілдетілген тәртіптердің орнатылуы сияқты шараларды қабылдап, заң нормаларында бекітіп отыр. Еуропаның кейбір елдері, ТМД елдері өздерінің азаматтығы туралы заңнамаларында азаматтық сұрақтарына қатысты нақты өзгерістер мен толықтырулар енгізген. Үздік тәжірибе ретінде бірқатар елдерден мысал келтіре кетсек, Норвегияның азаматтығын алу үшін белгілі бір азамат өтінім қанағаттандырылғанға дейін алдыңғы азаматтығынан шығуы тиіс, егер олай болмаса Норвегия азаматтығын алған сәттен бастап 1 жылдың ішінде бұрынғы азаматтығынан шыққаны жөнінде құжатты дәлелін растауы керек. Ал, Грекия елі азаматтықты беру үшін сол елде тұру мерзімін азайтқан елдердің қатарына жатады. Бразилия азаматтық алуға дейін тұру мерзімін қысқартып қана қоймай, сол елдің азаматтығы туралы заңы бойынша заңды түрде тұру талап етілмеуі азаматтық алғысы келген әрбір адам үшін қолайлы екені белгілі.

Бұл мысалдардың барлығы адамдардың азаматтыққа құқықтарын жүзеге асыруда заңнамалардың барынша оңтайланып, адам құқықтарының сақталуында тиімді шаралардың қабылданып, жүзеге асырылып жатқанын білдіреді.

Әдебиеттер тізімі:

1. Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы декларация жөнінде Қазақ ССР Жоғарғы Советінің 1990 жылғы 25 қазандағы № 307-ХІІ Қаулысы. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/B900001700>
2. Қазақстан Республикасының Конституциясы. Конституция 1995 жылы 30 тамызда республикалық референдумда қабылданды. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/K950001000>
3. Қазақстан Республикасының азаматтығы туралы Қазақстан Республикасының 1991 жылғы 20 желтоқсандағы № 1017-ХІІ Заңы. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z910004800>
4. Қазақстан Республикасының Тұрмыстағы әйелдердің азаматтығы туралы конвенцияға қосылуы туралы. Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 30 желтоқсан N 19-ІІ Заңы. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z990000019>
5. Европейская конвенция о гражданстве. Страсбург, 6 ноября 1997 года. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://rm.coe.int/168007f2f6>
6. Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы. Декларация Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының резолюциясымен 1948 жылғы 10 желтоқсанда № 217 А (ІІІ) қабылданған. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/O4800000001>

7. Шлапак М. Механизмы реализации права на гражданство. Вестник Московского университета МВД России. 2020(2):48-51
8. Программа переселения соотечественников. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: https://rusconhouston.mid.ru/ru/consular-services/programma_pereseleniya/
9. О гражданстве и правах человека. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.ohchr.org/ru/nationality-and-statelessness>
10. Все об иммиграции в Европу: от способов до советов. [Электрон. ресурс]. – 2024. – URL: <https://www.gostudy.cz/blog/immigraciia-v-evropu>

ОСНОВАНИЯ ДЛЯ ОТКАЗА В ПРИЕМЕ В ГРАЖДАНСТВО И ВОССТАНОВЛЕНИИ В ГРАЖДАНСТВЕ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

Балгимбекова Г.У., PhD, профессор кафедры конституционного и международного права, Карагандинский Университет им. академика Е.А.Букетова

Современный период развития института гражданства представлен как процесс совершенствования конституционно-правовых норм, регламентирующих институт гражданства. В настоящее время происходит процесс развития и совершенствования, путем внесения изменений и дополнений в законы о гражданстве, а также путем развития конституционного права. Гражданство определяется посредством конституционно-правовых норм, которые определяют основы организационно-правового механизма регулирования гражданства. Они определяют построение и функционирование системы государственных органов, регулирующих функционирование института гражданства. В целом нормы конституций образуют основы организационно-правового механизма, устанавливают политико-идеологическую базу системы государственных органов, их полномочия в области гражданства, пути совершенствования и международной интеграции.

Само понятие термина «гражданство» основывается на фундаментальных положениях: а) гражданство как политико-правовое явление, определяющее особый характер взаимоотношений человека и политико-социального образования - государства; б) гражданство как одно из основных субъективных прав человека (каждый человек имеет право на гражданство [1]), т.е. предусмотренная законом возможность лица находиться в обозначенных выше взаимоотношениях с государством или прекратить их; в) гражданство как конституционно-правовой институт. В последних двух значениях понятие «гражданство» не вызывает среди ученых-юристов разноплановых толкований. Тем не менее, гражданство рассматривается не только наукой конституционного права.

Совершенствования института гражданства, на основе анализа позволяет выработать пути развития гражданства в рамках казахстанского законодательства, а также осмыслить значение и роль гражданства в современном государстве и обществе. В пункте 1 статьи 10 Конституции Республики Казахстан закреплено, что «Гражданство Республики Казахстан приобретается и прекращается в соответствии с законом, является единым и равным независимо от оснований его приобретения»[2]. В Концепции правовой политики Республики Казахстан до 2030 г., утвержденной Указом Президента Республики Казахстан от 15 октября 2021 года № 674, подчеркивается, что «важно усилить государственную политику в сфере защиты прав человека. Для повышения качества реализации прав человека нужно разработать и поэтапно внедрить национальные индикаторы оценки соблюдения прав человека» [3].

В начальный период после обретения независимости в силу различных причин вопросы гражданства в Республике Казахстан приобрели особую остроту. Принятие новых нормативно-правовых актов для суверенного Казахстана таких как Конституция РК, принятие закона «О гражданстве» РК, заключению целого ряда международных договоров и